



АРАЛ ӨЦІРІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БАЛАЛАР АРАСЫНДАҒЫ ОТОРИНОЛАРИНГОЛОГИЯЛЫҚ АУРУШАҢДЫЛЫҚ

А.С.Күлімбетов

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы қ.

ОТОРИНОЛАРИНГОЛОГИЧЕСКАЯ ЗАБОЛЕВАЕМОСТЬ У ДЕТЕЙ В ЭКОЛОГИЧЕСКИХ УСЛОВИЯХ ПРИАРАЛЬЯ

А.С.Кулиббетов

Қызылорда облысы Қармақшы ауданындағы Төретам және Ақай елді мекендеріндегі 919 оқушылар арасында ЛОР мүшелері ауруларының клиникалық-эпидемиологиялық жайындағы тексерулері жүргізілді. Нәтижесінде ЛОР-мүшелері арасында құлақ аурулары жиі кездесетіндігі анықталды, Төретам стансасында 82,7% құраса, Ақай ауылында 64,0% құраған, оның ішінде құлақ құлығы 73,5% және 71,4% кездескен.

Проведены клинико-эпидемиологические исследования заболеваемости ЛОР-органов у 919 детей, обучающихся в средних школах на ст. Тюратам и в с.Акай Кармакчинского района Кызылординской области. Установлено, что в структуре заболеваемости ЛОР-органов преобладают заболевания уха -82,7% на ст.Тюратам и 64,0% у школьников с.Акай, среди них наиболее часто встречалась серная пробка.

Бүгінгі таңда ғаламдық экологиялық ахуалдың нашарлауы өз еліміздегі экологиялық мәселелерді шешу жолдарын жедел түрде қарастыру керектігін алға тартады. Өркениетті елдердің көтеріп отырған экологиялық проблемалары, климаттың өзгеруі, өзен - көлдердің тартылуы, құм көшкіні, тұзды борандар, тіршіліктің жұтаңдануы, демография, адам денсаулығы сияқты ғаламдық экологиялық апаттар адамзатты болашақ туралы алаңдатары анық. Өркениетті елу елдің қатарына қосылудың ең бір түйінді мәселесінің бірі – экологиялық ахуалды жақсарту болып отыр.

Дүние жүзіндегі демографиялық жағдай күрт өзгерді. Жер шары халқының саны тез өсіп кетті. 1700 жылы ғалам – шарында 620 млн. адам болса, 1850 жылы оның саны 1200 млн-ға жетті, яғни халық саны 150 жылда екі есе көбейді. 1950 жылы жер шарындағы халық саны 2500 млн-ға жетті, яғни кезекті еселенуге 100 жыл ғана уақыт кетті. 1986 жылдың орта шенінде 5 млрд адам өмір сүрді, бұл еселену мөлшері 35 жыл ішінде өтті. БҰҰ-ның болжамы бойынша, 2050 жылға қарай ғаламшар халқының саны 11,9 млрд болады деп күтілуде. Халық санының жылдам өсуі табиғатқа деген «тұтыну қысымының» өсуіне алып келді. Қазірдің өзінде табиғат ресурстары: су, топырақ, пайдалы қазбалар, отын қорлары қалпына келмейтіндей дәрежеге жетті [1].

Қазіргі кезде адам баласы ғылыми-техниканың дамыған прогресс кезеңінде қоршаған ортаның зиянды әсерін шегуде, әсіресе өсімтал ұрпақ-балалар [2,3,4].

Мақсатымыз: Экологиялық күйзеліске ұшыраған экологиялық апат аймақ Қызылорда облысындағы балалардағы құлақ, мұрын және тамақ ауруларының таралуын және жиілігін, оларға сыртқы ортаның тигізетін қолайсыз факторларының әсерлерін анықтау, диагностикасын бір ізге салу мен қатар балаларға көрсетілетін алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуді жақсартуға үлес қосу.

Алға қойған міндеттеріміз: Экологиялық апат аймақтағы балаларда құлақ және жоғарғы тыныс алу жолдары ауруларының шынайы таралуын бір ізге салып анықтау. Экологиялық-эпидемиологиялық тексеру нәтижесінде балалардағы құлақ және жоғарғы тыныс алу жолдарының шырышты қабатына әсерін, олардың қызметтерінің бұзылыстарын анықтау.

Материалдар мен әдістер. Біз экологиялық-эпидемиологиялық түрде зерттеп, тексеру үшін Қызылорда облысы Қармақшы ауданындағы Төретам темір жол стансасында орналасқан қазақ орта мектебі мен Ақай ауылындағы қазақ орта мектебінде оқитын 6 жастан 15 жас аралығындағы оқушыларды алдық. Елді мекендер аудан орталығынан 80 шақырым, ал Байқоңыр – ғарыш алаңынан 2 - 3 шақырым жерде және Сырдария өзенінің бойында орналасқан.

Барлық тексерілген 919 баланың 45,3 пайызын құрайтын 417 бала ауруға шалдықса, Төретам кенті бойынша 45,7% -зды құрайтын 242 бала, Ақай ауылында ол көрсеткіш 175, яғни 44,9 пайызды құрайды (1-ші кесте).

Сол оториноларингологиялық науқастардың ішінде: құлақ аурулары 200, яғни 82,5%-зды, мұрын

1-ші кесте. Құлақ, мұрын және тамақ ауруларының құрылымы және таралу жиілігі:

Ауыл атауы	Барлық бала саны		Құлақ аурулары		Мұрын аурулары		Көмекей аурулары		Жұтқыншақ аурулары	
	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
Төретам кенті	242	58,0	200	82,7	25	10,3	1	0,4	16	6,6
Ақай ауылы	175	42,0	112	64,0	40	22,8	5	2,9	18	10,3
Барлық бала саны	417	100	312	73,4	65	16,6	6	1,6	34	8,4



2-ші кесте. Құлақ ауруларының құрылымы (саны - %).

Ауыл атауы	Құлақ жедел аурулары	Құлақтың созылмалы аурулары	Құлақтың басқа аурулары	Құлақ құлығы
Төретам кенті	18 – 9,0%	30-15,0%	5- 2,5%	147-73,5%
Ақай ауылы	21-12,0%	26-14,9%	3 -1,7%	125-71,4%

аурулары 25 - 10,3%-зды, жұтқыншақ аурулары 16 - 6,6%-зды құраса, көмекей аурулары 0,4%-зды құрайды.

Біз, ең көп, яғни 82,5 пайызды құрайтын құлақ ауруларын бөлек қарастырғалы тұрмыз, өйткені құлақ ауруларының негізгі пайызын 73,5 құрайтын құлақ құлығы туралы мәлімдегенді жөн көрдік (2-ші кесте).

Біз бақылау тобы ретінде Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданындағы Баяндай орталау мектебінде оқитын 128 оқушыларды қарадық, олардың 34, яғни 26,6% ЛОР ауруларына шалдыққандар болып шықты, солардың ішінде 9 (26,5%) балада құлақ құлығын кездестірдік.

Құлақ ауруларын бекерден-бекер бөліп алып отырған жоқпыз, өйткені барлық оториноларингологиялық аурулардың ішінде ең көп таралғаны құлақ аурулары болып отыр, әсіресе оның ішінде құлақ құлығы, тіпті мән бермесе де болар еді, бірақ дәлелденген медицинада да мән берілгендіктен бізде бұл проблеманы көтеріп отырмыз.

Дәлелденген медицинада берілген мәлімет бойынша тексеру барысында кейбір популяцияда байқалған құлақ құлығы жиілігі:

К. А. Kalantan et al. (Сауд Аравиясы), алғашқы медициналық көмекке қаралуға келген 1278 науқастың 25 пайызында аңғарса, В. М. Minja et al. (Танзания), 802 бастауыш мектеп оқушыларының 16 пайызында кездестірген болса, ал С. Lewis-Cullinan et al. (АҚШ), бөлімшеде жатқан қарт науқастардың 35 пайызында кездестіргендігін мәлімдейді [5].

Сөйтіп, 2-ші кестеде берілген анықтама бойынша экологиялық апат аймақтағы балаларда есіту мүшесі аурулары ішінде Төретам кентінде 73,5% құлақ құлығына шалдықса, ал ол көрсеткіш Ақай ауылында 71,4%-зды құрайды. Бұған сыртқы ортаның, әсіресе судың әсері мол деп ойлаймыз.

Сырдария өзені мен Арал теңізі - Қызылорда облысындағы ең негізгі ашық су көздері болып саналады. Өзеннің бойына 16 су қоймасы салынған, одан

көптеген тармақтар тарайды, солардың салдарынан судың ағуы бәсеңдеп, өзен суы азайып, Аралдың тартылуына соқтырды. Арал теңізі өз көлемінің 75% жоғалтса, аудан беті 50%-ға кішірейген, сөйтіп қоршаған ортаға қолайсыз факторларының зиянды әсер етуі, адам өміріне қауіп төндіріп, биологиялық түрлердің жойылуына, экономикалық кризиске соқтырды [3].

Минералдану 500-ден 1800 мг/л жетсе, хлоридтер 40-тан 2200 мг/л, сульфаттар 140-тан 780 мг/л, судың тұтқырлығы 5-тен 14 мг-экв/л жетті.

Судың құрамы Қызылорда облысына кіреберіс Жаңақорған ауданы мен Қармақшы ауданынан өту барысында өзгерістерге ұшыраған.

Нәтижесінде құлақ құлығының құрамы тұрақты емес және ол көптеген факторларға байланысты екендігі анықталды. MacDonald өз қызметкерлерімен бірге құлақ құлығының құрамы диетаға байланысты екендігін анықтаған. Сахарозаны қолданғанда тері қабатындағы липидтер өзгеріске ұшырап, сол аймақтағы бактериялардың көбеюіне ықпал жасайды екен (Нобл У.К., 1986 ж), ал қалыпты жағдайда құлақ құлығында глюкоза болмайды. Ол зат алмасу жүйесінің бұзылысынан, құлақты жиі шұқылап, тазарту салдарынан секреция көп бөлінетіндігін жазады [6].

Тағы айта кететін жәйт, қалыпты жағдайда сыртқы есіту жолында бөлінетін секреция, тазартқан сайын молая түседі де, жиналып, тіпті тығыздалып та қалады, соған ықпал ететіндердің бірі – қазіргі кезде жастардың кең көлемде қолданып жүрген МР-3 плеерінің теріс әсер етуі.

Интернеттегі мәлімет бойынша неміс дәрігерлері жасөспірімдердің 1/5 бөлігінің есіту қабілеттерінің төмендеуі МР-3 плеерінің кең қолдану салдарынан екендігін ескертеді және Оториноларингологтар ассоциациясы МР-3 шығарушыларға қауіп-қатердің болуын сатып алушыларға дер кезінде ескертуге үндеу қабылдаған, бұған бізде теріс қарамайтындығымызды мәлімдейміз.

Әдебиеттер:

1. Бейсенова Ә.С. Экология – ел тағдыры. Алматы. Мектеп. 2006; 208 бет.
2. Ибадуллаева С.Ж. Взаимоотношение иммунной, эндокринной и кардиореспираторной систем и немедикаментозные методы повышения их функциональных возможностей у жителей Приаралья. Дисс. ... докт. биол. наук. 03.00.13 – физиология. – Алматы. – 2006. – 253 с 2001, № 6. – С. 56–60.
3. Мажитова З.Х. под редакцией, Экологически зависимые болезни у детей (клиника, патоморфогенез, диагностика, лечение, реабилитация), Алматы, - 2007, 399 стр.
4. Гржегор Доночик, руководитель Программы Организации Объединенных Наций по промышленному развитию по страна Европы и СНГ, Приветственное слово, Материалы Международной конференции «Проблемы Арала, их влияние на генофонд населения, растительности и животный мир и меры международного сотрудничества по смягчению их последствий», Ташкент, Узбекистан, 11-12 марта 2008 года
5. Доказательная медицина, Медиа сфера. - 2003, -выпуск 2, - часть 7, С.2216-2226
6. Богомильский М.Р., Чистякова В.В. Детская оториноларингология, М., ГЭОТАР –МЕД, - 2002, - 431 стр.